

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

процесса в отличие от традиционного обучения, где этим проблемам уделялось незначительное внимание.

Таким образом, в статье представлена необходимость использования андрагогического подхода при подготовке будущих учителей начальных классов; раскрыт потенциал основных положений образования будущих учителей в указанном контексте. Такие специалисты в дальнейшем могут надежно реализовать андрагогический подход в процессе становления и развития профессионально-педагогических кадров.

Список использованных источников и данных:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы – <http://do.gendocs.ru/docs/index-283573.html>
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» // Казахстанская правда.–2011.-15 августа.- С. 9-11
3. Вища педагогічна освіта і наука України: історія,сьогодення та перспективи розвитку. Житомирська область /Ред. рада. вид.: В.Г. Кремень (гол) [та ін.]. – К.: Знання України, 2009. – 491с.
4. Змеев С.И. Андрагогика: основы теории, истории и технологии обучения взрослых. – М.: ПЕР СЭ, 2007. – 272 с.
5. Олесницкий М. Полный курс педагогики: руководство для занимающихся воспитанием и обучением. Вып.1: Теория воспитания /М. Олесницкий. – 2-е изд. – К.,1985. – 341 с.
6. Гончаренко С. У. Український педагогічний словник. – К.: «Либідь», 1997. – 376 с.
7. Knowles M.S. The Modern Practice of Adult Education. From Pedagogy to Andragogy. Chscago, 1980. P.43,53.
8. Орлова О.А. Андрагогический аспект подготовки учителя в системе последилового образования.//Вектор науки Тольяттинского Государственного Университета: Серия: Педагогика, психология. – № 4 (11). – 2012. – С. 216-219.
9. Furter P. Grandeur et misere de la pedagogie. –Neuchatel, 1971. - P.23
9. Ярыгина Н.А. Обеспечение непрерывного профессионального образования с сокращением срока обучения // Вектор науки ТГУ. № 3. С.268-270.

ИСЛАМ ДІНІ ТҮРҒЫСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Маратова Д.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Садықов Т.С.

т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақ қоғамында ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрді сіңіре отырып, олардың құқықтарын сақтау және тәрбие беруді жан-жақты қарастырды. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының белгісі отбасын құруы болып табылады. Оның өзіндік тәртібі, ережесі, соған сәйкес қалыптасқан дәстүрі сақталған. Отбасы – бұл бала тәрбиесіндегі ең басты рөл атқаратын элеуметтік орта [1]. Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар орнату және т.б. Құқықтық тұрғыдан айтар болсақ: «Отбасы – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы» [2].

Қазақ халқының рухани өмірінде ислам мәдениетінің үлкен әсері бар екендігі белгілі. Исламдағы отбасы мен бала құқығының сақталуы шарифаттың жалпы ұстанымы қасиетті Құран Кәрімде көрсетілген. Бұл ретте баланың құқығын сақтау, оның отбасында дүниеге келуінен басталады. Үйленіп, үй болу әр адамның басына түсетін жағдай. Әркім өмірде өз сыңарын тауып, шаңырақ көтеріп, сәби сүйгісі келетіні анық. Ислам діні бұл ретте үйленуге тыйым салмайды. Керісінше, екі жұптың бір бүтін болуын қалайды. Құран Кәрімде үйленудің әртүрлі пайдасы бар екендігін, жұбайлар арасында сүйіспеншілік орнап, бір-біріне сүйеніш болатынын айтады. Үлкендерге жастарды үйлендіруді бұйырады. Бұл бұйрық

міндеттілік емес, тек рұқсат ретінде қабылдануы тиіс. Пайғамбарымыз с.а.с. «Неке менің сүннетімнен. Кімде-кім менің сүннетіме амал етпесе, ол менен емес. Сондықтан да үйленіндер, мен Қиямет күні басқа үмметтерге сендердің сандарыңның көптігімен мақтанайын», - дейді. Отбасын құру, бала сүю адамның Алла берген еншісі.

Жекелеген белгілеріне сәйкес мұсылман отбасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ең алдымен, мұсылман отбасының некелесу арқылы құрылуында. Некесіз жұп отбасы болып есептелмейді, сондықтан тек некемен құрылған отбасы ғана қабыл алынады. Себебі, неке арқылы жат қылықтар тыйылып, дүниеге таза ұрпақ келеді. Екіншіден, мұсылман отбасы Аллаға деген берік сеніммен, Ислам шартында өмір сүреді. Мұсылман жанұясы мүшелерін өзара туыстық сезім және Аллаға деген сенім байланыстырады. Олар қандай да болмасын қиындыққа төзіп, сабырлық сақтайды. Отағасы өз жанұясы мүшелерінің иманды-ибалы болып тәрбиеленуін қадағалайды. Үшіншіден, мұсылман отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас сүйіспеншілік пен бауырмашылдыққа негізделеді. Ата-ана балаларын кішкентай кездерінде қалай мәпелеп бақса, олар да қолдан келгенше жақсылық жасауы керек. Сондай-ақ, отбасын құрған ерлі-зайыпты мұсылманның арасында сүйіспеншілік, ілтипат болуы тиіс. Пайғамбарымыз с.а.с.: «Мұсылмандардың толық имандысы - әдептісі. Сендердің жақсыларың - әйелдеріңе жақсы болғандарың», - деген болатын, сондықтан ер адам өз жұбайына жақсы ықыласын, мейірімін төгеді. Төртіншіден, мұсылман отбасы мәдениетті. Мұсылмандар рухани тұрғыдан даму жолында білім алып, өз балаларын да оқытады. Білім алуды ешқашан тоқтатуға болмайды. Осылайша мұсылман отбасы білімді, мәдениетті жанұяға айналады. Бесіншіден, мұсылман отбасының туған-туыстарымен қарым-қатынасы берік және оған қатты мән беріп, туыстық қатынасты берік ұстайды. Исламда Алла Тағала туыстарымен жақсы қатынаста болуды ақылдылыққа жатқызады. Мұсылман отбасы көршілерімен жақсы тұрады. Алла Тағала көршімен тату тұруды бұйырып: «Аллаға ғибадат етіп, Оған ешқандай серік қоспаңдар және әке-шешелеріңе, туыстарыңа, жетімдерге, міскіндерге, жақын көрші мен алыс көршіге, жолдасына, жолда қалғанға және қолдарыңдағы құлдарыңа жақсы қарым-қатынас жасаңдар» (Ниса сүресі: 36) дейді [3].

Отбасы шағын мемлекет, әрбір шағын мемлекеттің асыл мұраты – бала өсіріп, оған оған өнегелі, жақсы тәрбие беру. Бала – ата-ананың Алладан берілген өмірдегі ең үлкен сыйы және аманаты. Осы аманаты үшін ата-ана Алла алдында жауап береді. Бала арқылы жанұяға қуаныш пен береке кіреді, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас нығаяды. Пайғамбарымыздың с.а.с. балаларға деген сүйіспеншілігі, оларға деген мейірімділігі шексіз болған. Себебі мейірімділікпен өскен бала ғана болашақта мейірімді болады.

Ислам діні ең алдымен баланың тегіне, ұлтына немесе нәсіліне қарамастан өмір сүруге және денсаулығын сақтауға деген құқықпен қамтамасыз етеді. Бала құқығын ескеруді Ислам діні оның жатырда жатқан кезінен бастайды. Ол ең алдымен баланың:

- өмір сүруге құқығы, 1990 жылы қабылданған «Исламдағы Адам құқығы» деген Каир Декларациясында: «Өмір құдай берген сый, ал өмір сүру құқығы әрбір адам баласына берілген кепілдік, ...Құдай берген адам өмірінің мерзімін сақтау-шариғатта жазылған жауапкершілік» деп жазылған [4]. Сондықтан іштегі баланы себепсіз алдырып тастау – адам өлтірумен теңестіріледі. Бұндай қадамға медициналық тұрғыдан дәлелденіп, жүктілік әйел адамның өміріне қауіп төндірген кезде ғана баруға болады. Бұл кезде маңыздысы – ана өмірінің қауіпсіздігі болып отыр;

- өзінің мұрасына деген құқығы (өмірге келмей тұрып) – жаңа туған нәресте қауқарсыз болады, сол себепті оған жан – жақты көмек керек. Исламда балалар құқық пен жынысына, нәсіліне немесе шыққан тегіне қарамастан материалдық жағынан қамтамасыз етілуге тиіс;

- ақ некеден тууы (некеге тұрғаннан кейін ең кем дегенде алты ай) – исламда некесіз қатынасқа тыйым салынған, яғни тектіліктің сақталуы жоғары қойылады. Соған сәйкес мұсылман бала туа салысымен мұсылман болады және сол рухта тәрбиеленеді;

- емшек сүтімен қоректенуі – ана сүті баланың өмірі мен денсаулығын сақтаудың

қажетті, міндетті шарты болып табылады, сондай-ақ оны жұғымды заттармен қамтамасыз ете отырып, жұқпалыдан да қорғайды [1,115].

Бала ең алдымен ата-ана тарапынан өздеріне үлгі боларлық көркем тәрбие алуға құқылы. «Отан отбасыдан басталады» деген даналықты еске алсақ, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру» дегеніне мән берсек, ата-анаға балаларын тәрбиелеуге қатысты үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғанын аңғарамыз. Демек, бұл жауапкершіліктің мәні баланың Алла тағала тарапынан сеніп тапсырылған аманаты ретінде танылуына мүмкіндік береді. Белгілі жазушы Мағжан Жұмабаев балаға тәрбие беру жайлы: «...жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстарғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақыл-есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғайуы сараң, тым шабан... Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өскендігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды», - деп жазады [5].

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени - әлеуметтік органның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Отбасындағы ерлер мен әйелдердің жауапкершілігі бірдей болғанымен, әйел табиғаты ер адамдардан бөлек қарастырылады. Ана – отбасының ұйтқысы, үйдің ажары болуын көбірек ойлап, соған жаратылысынан бейімделуге тиіс жан. Қоғамдық дамуда әрбір жанұяда тәрбиеге ең алдымен, шаңырақ иесі – отағасы жауапты болса, әйел-ана босағаның алтын тірегі, отбасының айрандай ұйып отыруы да әйел затының қолында болып есептеледі. Ол – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Абай қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады. Абай жетінші қара сөзінде былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі – білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетінкірегінде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құмары, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені» [6]. Сондықтан да, балалардың ең басты құқығы дұрыс тәрбие алу жолындағы жанына ең жақын тәрбиешісі әйел адам болуы да бекер емес. Балаларды жақсылап тәрбиелеу үшін әйел кісінің өзі де тәрбиелі, білімді, мейірімді, төзімді болуы тиіс. Ұлы грек философы Платонның «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле!» деген қанатты сөзінің астары да осыдан ашылғандай. Ата-анасы өз балаларына дұрыс тәрбие, білім беріп, туғанда жақсы ат қойса Алланың ризалығына бөленеді, ал бала тәрбиесіне көңіл бөлмеген әке-шеше жан азабына душар болады. Өкінішке орай, ата-анасының аялы алақанының жылуын көрмей, тағдырдың тауқыметін тартып, теріс жолға түсіп жүрген жетім балалар санының күн санап артып келеді. Солардың қатарына ата-анасынан дұрыс тәрбие алмаған балалар да жатады. Өйткені олар түбінде қоғамға жат істерге бой алдырады, сол себептен де бала тәрбиесіне тиісті көңіл аудармай, немқұрайлы қарау адамның өзіне, балаларына, тіпті қоғамға да зиянын тигізеді. Ата-анасымен жылы қатынаста болып, дұрыс тәрбие алған балалар көпшіл, ақжарқын, мейірімді, өзгелерге қамқорлық жасауға ұмтылатын болып өседі.

Қоғамдық өмірдің сиқын бұзушылар көбінесе әлеуметтік өмірден тыс қалған, томағатұйық, комплексті адамдар екені белгілі. Жетімдер дегеніміз әке-шешесінен айырылған, ата-анасыз өсуге мәжбүр болған қоғам мүшелері. Кішкентайынан жетім қалған балалардың жақсы тәрбие, білім алуы олардың құқықтарының көзделуі барлық қоғам үшін аса маңызды. Далада қалған балаларға қамқорлық көрсетуді өкімет өз мойнына алады. Яғни, оқыту, үйлендіру мемлекеттің ісі. Ата-анасынан, туған-туыстарынан айрылған баланы өз қамқорлығына алып, тәрбиелеу, білім беру – қайырымды іс. Көшедегі баланы алып, бағып-қағу сауапты іс. Ал, егер оған қамқор шықпаса, бұған бүкіл мұсылман қоғамы айыпты болады. Сондықтан, Жаратқан Иеміз мұсылмандарға жетімдерге қарайласуды, оларды аялауды, есіркеуді, білім беріп, кәсіп үйретуді бұйырады: «Олар сенен жетімдер туралы сұрайды. Оларға айт: Жетімдерді ислах ету (оларға жақсы тәрбие беріп, пайдалы адамдарға айналдыру) хайырлы. Ал, олармен бірге өмір сүрсеңдер, онда, олар сендердің бауырларың: Аллаһ бұзақылық жасаушыларды адал ғамал жасаушылардан ажыратады (біледі). Аллаһ қалағанда сендерді захматқа (бейнетке) кіргізер еді...» [7].

Пайғамбарымыз Мұхаммад с.а.с. «Алла тағала жетім бағылған үйді жақсы көреді, жүрегіннің жұмсарып, қажетінің қамдалуын қаласаң, жетімдерге қамқорлық ет, басынан сипап, тамағыңнан бер»-дейді [8]. Баланы өз қамқорлығына алуға міндеттелген кісілердің ішінде әйел адам бірінші орында тұрады. Әйелдер арасынан қамқорлық көрсетер ешкім табылмаған жағдайда ғана, міндет ер кісілерге жүктеледі. Балаға қарау міндеті әйелдер ішінде – туған анасы, нағашы әжесі, туған әпкелері, өз нағашы әпкелері, туған әпкесінің қыздары, әкесінің туған әпкелеріне, ал ер адамдардан - әкесі, әкесі болмаса атасы, туған бауырлары, олардың балалары, немере ағалары, яғни әкесінің аға-інілері, бұлар табылмаса анасы жағынан туысқан ер адамдарға жүктеледі. Балаға қарауды мойнына алған кісілерге қойылатын үкімдер:

1. Кімде-кім баланы қарауды өз мойнына алудан бас тартса және басқа қарайтын кісі табылмаса, ол бала қаруға мәжбүрленеді. Ал егер одан басқа қарайтын адам табылса, бас тартқан кісі мәжбүрленбейді.

2. Әкенің баланы бағып-қағуға құқығы бар адамның қолынан себепсіз алып кетіп, басқа кісіге табыстауға құқығы жоқ.

3. Балаға қарайтын кісінің ақыл-есі дұрыс, есті адам болуға тиіс.

4. Міндеттелген адамның баланы бағуға күші жету керек. Балаға қарауға мұршасы қалмаған қарттарға, күндік кестесі тығыз адамдарға бала табысталмайды.

5. Баланың қамқорлығын өз мойнына алған кісі әдепті, тәрбиелі болуы тиіс. Тәрбиесіз, маскүнем т.б. сенімсіз кісілерге бала тәрбиесі жүктелмейді [9].

Исламда бала асырап алу құпталмайды. Оның негізгі себебі «табиғи тәртіп пен шындықты бұрмалаушылық» деп әділ қарастырады. Бұл бала өзінің «туған» еместігін білген кездегі басына түсетін қайғысын болдырмаудың бір жолы. Асырап алған балаға туған баланың құқығы берілмейді. Ал, егер ондай жағдай бола қалса, асырап алушы шындықты жасырмай, жетімдердің мүлкін, дүниесін өзінікінен бөлек ұстап, одан өзіне пайда көздемеуі керек. «Ниса» сүресінде: «Жетімдердің малдарын беріңдер, жаманды жақсымен алмастырыңдар, олардың малдарын өз малдарыңа қосып жемендер. Өйткені, ол күнә», «Жетімнің малын ақылы толмай өздеріне тапсырмаңдар. Оларды қоректендіріп, киіндіріңдер, оларға сыпайы сөйлендер. Жетімдердің үйлену шағына жеткенше тосыңдар. Олардан бір естиярлық көрсеңдер, дереу малдарын өздеріне беріңдер...» делінген.

Ал, дәстүрлі қазақ қоғамындағы бала асырап алу мәселесі «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «қазақ халқында бала асырап алу әктісіне жете мән берілген. Көбінесе, ұрпақ жалғастығы үзіліп қалмасын деген ниетпен перзент сүюге қабілетсіз немесе ұлы жоқ отбасына ет жақын, сүйек шатыс туыстары бала беріп, қамқорлық жасаған. Бұл әктіні кейін құпия ұстауға міндеттенген. Жалпы, қазақ ұғымында «асырау», «асыранды» деген сөздердің итке, малға қатысты айтылып, кемсітушілік астары болғандықтан да, әдетте отбасы, ағайын-туыс арасындағы құпия сыр ретінде сақталатын осы құқықтық-адамгершілік іс-әрекетті «бауырына басу», «баланы көйлекшең туу» деп астарлай жеткізген» делінген [10]. Тарихқа

көз жүгіртер болсақ, Кеңес билігі орнағанға дейінгі уақытта дәстүрлі қазақ қоғамында «жетім бала» деген түсінік болмады. Себебі, қазақ қоғамында ұстанған құқықтық ережелерге, салт-дәстүрлерге сәйкес, ері қайтыс болған әйелді әменгерлікпен қайын ағасы немесе қайын інісіне күйеуге берген. Мұндағы басты ұстанып отырған қағида жетім-жесірге қамқорлық немесе жетім баланы өз руынан шетке шығармау болып отыр. Ұрпақ жалғастығы деген ұғым да осымен сабақтасады.

Қазақ халқында бала асырап алудың негізгі себебі, адамның тіршілікте жиған-терген дүние-мүлкіне мұрагер ету, сонымен бірге тұқымы жойылып кетуден қорқып, көбінесе әкенің атын жалғастырып, шаңырақтың иесі ету көзделген. Бала асырап алудың екінші бір себебі, өзінен туған бала жалғыз болса, ер жеткенде ол жалғызсырымас үшін, оның інісі не, қарындасы болсын деп ағайын-туғанның да баласын асырап алу жүзеге асырылып отырған. Баланы асырап алу барысында той жасап, мал сойып, ер балаға асық жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстатқан. Жұрт алдында балаға жілік ұстату ғұрпы екі жақтың да бала алу, бала беру ісіне ризалығын білдірудің куәлігі іспетті болған. Бөтен рудан алынған бала жетім болса да, барлық жоралғылар жасалып, заңды ұрпақ есебіне енеді де, өгей әкенің туыстары, тіпті жеті атаға толмаған ағайындарының қыздарына үйленуге тыйым салынған. Асырап алынған бала ержеткен соң соң кеткісі келсе, оған ешкім де қарсылық білдіре алмаған. Балаларға ержеткенше қамқорлық жасау – асырап алған әке-шешесінің міндеті. Жалпы қазақ халқының бауырмалдығы, балаға деген қамқорлығы ерекше. Н.К. Крупскаяның «балаға деген қамқорлықты славяндар шығыс халықтарынан үйренуге болады» деген сөзі де текке айтылмағаны айқын көрінеді.

Ислам діні болсын, дәстүрлі қазақ қоғамы болсын бала мүддесін, оның құқығын, қамқорлық көрсетуді жоғары қояды. Сол себептен де ата-ана балаға махаббатын, көңілін және қауіпсіз өмірді сыйлауға міндетті. Бала тәрбиесінде олар балаға үлгі бола алуы тиіс. Ерекше айта кететін жағдай, Ислам діні қыз бен ұл баланы алаламай, ата-ана тарапынан қамқорлық көруде тең құқыққа иелендірген. Олардың тамағы, киімі, денсаулығы, білімі үшін ең алдымен ата-аналары жауапты. Баланың адамгершілік қасиеті, көп ретте отбасындағы өзара қарым-қатынастың қалай қалыптасқанынан, ата-ананың өз баласына деген көзқарасына, сүйіспеншілігіне байланысты болып келеді. Бала мінезіне шамалы болсын теріс пиғыл келтіретін адамдар арасында өмір сүрсе, кейін ол қоғам үшін үлкен мәселеге айналады, ал бала бойындағы адалдық пен адамгершілік сіңген ортада өссе, уақыт өте ол ізгілікті жемістерін береді.

Адамның отбасында астында өткізген балалық шағы, өмірінің соңына дейін жол көрсетер жарық тәрізді. Бұл қоғамның құрылымында да байқалады. Әлеуметтанушы ғалымдардың айтуынша, отбасы мүшелері балалық шақ пен жастық шақтарында жақсы немесе жаман, яғни қалай жетіліп отырса, қоғам да соған түрленеді. Осы жағдайда ертеңгі қоғамды құрайтын балаларымызды, жастарымызды мықты мінезді, сенімі бар, тәрбиелі, дені сау және рухани күші жоғары болып жетілуінің әдістерін талдау қажеттілігі бар. Әрбір ұлттың қай кезде болмасын алдында тұратын ұлы мұраты - өз ісін, өнегесін, өмірін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Кез келген мемлекетте ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі зор азамат етіп тәрбиелеу ең алдымен ата-ананың содан кейін қоғамның борышы. Ұрпақ тәрбиесінде өткен тарих құндылықтары мен имандылық тәрбиесін ұштастыра отырып, келешек ұрпақты ізгілік пен парасаттылыққа баулу қажет. Ұрпақ тәрбиесі олардың құқықтарын аяққа баспай, жоғары дәрежеде бағалауды жөн көреді. Ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен деректер тізімі:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. – 326 б.
2. Неке және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2008. – 56 б.
3. Мұсылман отбасының негіздері. Алматы, «Фибрат» баспа үйі, 2008. – 178 б.
4. Бегімтаева Р. Киелі Құран: ана мен бала // Нұр – Астана. – 2005. - 24 ақпан.
5. Жұмабаев М. Педагогика Алматы, 1992. Б.13-14.

6. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: «Meloman Publishing», 2019, - 152 б.
7. Бұлытай М. Исламдағы жетімдерді есіркеудің мәні хақында // Қазақстан мектебі №7, 2001. 3-6 бб.
8. Халифа Алтай. Хұтпарлар. Алматы, 2001. -192 бет.
9. Мұсылман отбасының негіздері. Алматы: «Гибрат» баспа үйі, 2008. – 178 б.
10. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1999. – 720 б.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ КӨРНЕКІ ДЕРЕК КӨЗДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТАРИХНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нұрбаев Ж.Е.

т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Исенов Ө.И.

т.ғ.к., доцент

Нұрбаева С.Б., магистрант

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

XX ғасыр тарихы ғылымында тарихты зерттеуде жаңа тәсілдер мен әдістер пайда бола бастады. Заттай және құжаттық деректермен қатар, визуалды деректердің маңызы жоғары болды.

XX ғасырдың екінші жартысында гуманитарлық ғылымда күнделікті тарихты зерттеуге қызығушылық артты. Ал күнделікті өмірді талдау мен түсіндірудің зерттеу ресурсы ол визуалды деректер.

Кеңес үкіметі құрылған уақыттың алғашқы он жылдығында халықтың өміріндегі барлық саяси-қоғамдық, әлеуметтік, мәдени салаларда өзгеріс орын алды. Кеңес үкіметі адамдарының күнделікті өмірінде өзгеріс орын алып, жаңа құндылықтар, әдеттер мен мінез құлықтары қалыптасты. 1920-1930 жж. осы кезеңдегі маңызды оқиғалар, визуалды деректерде көрсетілген. Визуалды деректер қалың халықтың бойында социалистік рухты құруда үгіт-насихат құралына айналды. Ал, сирек түрде КСРО өмірі және шетел жайлы жалғыз дерек көзі болды.

Осылайша визуалды деректерді кешенді түрде зерттеу қазіргі кездегі өзекті тақырып болып табылады.

Визуалды тарихты зерттеудің пайда болуы және дамуы. XIX ғасырдың ортасы XX ғасырдың басында Жюль Мишле, Якоб Буркхардт және Карл Лампрехт сияқты тарихшылар, имидждік тарихи ментальдық зерттеулер жүргізіп және өнер туындыларына ұжымдық заманауи моральдық ұғымдар шығаруға әрекет жасады. Бірақ, тарих ғылымында мәтіндермен жұмыс жасау сияқты, деректану сынына ұқсас, суреттерді талдаудың жүйелі әдісі болған жоқ.

Әдістемелік пікір-талас 1920 жылдары пайда болды. Өнер тарихшыларының білімі, енді суретке жауап беретіндер және мәтінге жауап беретіндер бірігуі керек болды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде үзілген осындай серіктестік, тек 1960 жж. қайта жанданды.

Визуалды зерттеулердің басталуы XX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропа ғалымдары Э.Пафоски, В. Беньямин, Р. Барт, Р. Арнхейм және т.б. (мысалы, Барт, 1989; Арнхейм, 1994). Өз еңбектерінде олар алдымен визуалды бейнелерді, шындықтың көріністерін және т.б. зерттеуге назар аударды.

XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-әлеуметтану, философия, антропология тарапынан фото және киноқұжаттарға деген қызығушылық күшейе түсті, олар визуалды зерттеу саласын белсенді игере бастады.

Шетелдік әдебиеттерде визуалды антропологияның теориялық мәселелері мен қолданбалы аспектілерін түсіну XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында, визуалды антропология мәдени антропология аясында Тәуелсіз (қосалқы) пән ретінде қалыптасқан кезде басталды. Атап айтқанда, АҚШ-та визуалды антропология теориясын дамытумен әр